

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және
«ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік арасындағы**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Алматы қаласы

21 ақпан 2020 жыл

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарапынан ректор Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов және «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік тарапынан Бас директоры Ернұр Көшерханұлы Бурахан, одан әрі Тараптар аталады, шығармашылық және кәсіби байланыстарды нығайту және екіжақты байланысты дамыту мақсатында мынадай келісімге келді:

1. Ынтымақтастық негіздері

1.1 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік арасындағы шығармашылық, өндірістік байланыстарды одан әрі нығайту мақсатында ынтымақтастыққа өзара мүдделілік таныта отырып, «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» радиостудия базасында алқасөздер, семинарлар, тренингтер, видеоконференциялар сияқты бірлескен шаралар өткізу;

1.2 Журналистика факультеті студенттеріне «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларындағы редакцияларында оқу және өндірістік тәжірибе өткізуге жағдай жасау.

2. Ынтымақтастық бағыттары:

2.1 «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік радиобағдарламаларына әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті студенттерінің қатысуы;

2.2 Бірлескен әлеуметтік акциялар өткізу, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері қызметін жариялау;

2.3 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті және «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік тараптарынан өткізілетін шараларға ақпараттық қолдау көрсету;

2.4 «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті тараптарынан бірлескен шараларды өткізуде сараптамалық және ғылыми қауымдастық өкілдерін жұмылдыру;

2.5 Журналистика салалары бойынша өткізілетін халықаралық шаралар, конференциялар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, тәлімгерлік курстарына ғалымдарды қатыстыру және уақытында ақпарат беру.

3. Қорытынды ережелер:

3.1 Меморандумға барлық өзгерістер екі тарапты келісім-шарт арқылы енгізіледі.

3.2 Келісім-шарт қазақ тілдерінде жасалды, екі тараптан жасалған, олардың әрқайсысының өзіндік күші бар.

3.3. Өзара әрекеттесу тараптар арасындағы ынтымақтастық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған келісімдер (келісімдер) жасасу.

3.4. Осы Меморандум Тараптарға қандай-да бір нақты қаржылық немесе заңды міндеттемелер жүктемейді.

3.5. Бұл келісім-шарт қол қойылған күннен бастап 3 жылға дейін жарамды болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ»
Ұлттық университеті ректоры, жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің

ҚР АКАДЕМИГІ

Бас директоры

Г.М. Мұтанов

Е.К. Бурахан

